

Таким образом, мы можем выделить дидактические возможности представленных компонентов ОС Linux, которые обеспечивают качество компьютерной и информационной подготовки обучающихся:

- использование аппаратно-программного потенциала современных ПК, снимающая ограничения, присущие DOS и MS Windows по использованию памяти машины и ресурсов процессора;
- эффективное управление многозадачностью и приоритетами обучающих программ, в условиях интерактивной работы обучающегося;
- интеграция обучающегося посредством компьютера в локальные и глобальные информационные сети;
- предоставление учебного материала в формате загрузки прикладных программ других ОС – различных версий Unix, DOS и MS Windows;
- использование огромного числа разнообразных программных пакетов;

Операционная система Linux, как система с открытыми исходными текстами, представляет из себя идеальную платформу для компьютерного и информационного обучения, так как дает возможность понять основы своего функционирования. Более того, эта развивающаяся система уже предлагает полные решения

для построения ИТ-инфраструктуры образовательных учреждений и широко используется в этой среде.

#### ЛИТЕРАТУРА

1. Ермаков И.Е. LINUX учителю и ученику – все, что нужно знать, чтобы начать работать [электронный ресурс] / Персональный сайт преподавателя И.Е. Ермакова. <http://ermakov.metasystems.ru/edu/linux-for-teachers.pdf>
2. Лебланк Ди-Анн. Linux для «чайников» [Текст]. 4-е издание.: Пер. с англ. М., 2003.
3. Колисниченко Д.Н. Роль Linux в системе образования [Текст]. [http:// www.softerra.ru/freeos /16539/](http://www.softerra.ru/freeos/16539/).

#### *Түйіндеме*

*Бұл мақалада білім беру мекемелерінде АТ – инфрақұрылымдарын жасауға арналған толық шешімдері беретін, компьютерлік және ақпараттық оқытуға арналған тиімді платформа ұсынатын жүйе ретінде Linux амалдық жүйесі қарастырылған.*

#### *Conclusion*

*In article is considered operating system Linux, as system, presenting itself ideal platform for computer and information education, giving full decisions for building IT-infrastructures of the educational institutions.*

**Шаяхметова Н.Ж.**, оқытушы

Челябі мемлекеттік университеті ЖКББ МББМ Қостанай филиалы

### **МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛДЕ ЗАҢ ТЕРМИНДЕРІН АҚПАРАТТЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАР АРҚЫЛЫ ОҚЫТУДЫҢ МӘСЕЛЕЛЕРІ**

Компьютерді оқыту құралы ретінде қолдану идеясы ХХ ғасырдың 50-жылдары батыста пайда болды. Бағдарламалап оқыту теориясын енгізген американдық ғалым Б. Скиннердің тұжырымдары оқу үрдісін қалайда тиімді сатыға көтеруді мақсат етеді. Бұл тұжырымдардың негізінде оқыту студенттің білім мен іскерлікті өз бетімен алуын қамтамасыз ететін дидактикалық материалдарға негізделеді. Осы идеялардың нақты жүзеге асуы білім беруде компьютерді қолданумен байланыстырады. Сондықтан да оқу үрдісінде

компьютерді қолдануда «компьютерлік технология ұғымы» туындайды.

Компьютерлік оқыту технологиясы – бұл компьютер арқылы жүзеге асырылатын ақпаратты дайындау және оны білімгерге беру үрдістері. Білім беру мақсатына қарай компьютерлік оқыту технологиясы оқу үрдісін қазіргі заман талабына сай жаңа сапалы бағытта кешенді түрде өзгертеді. Білім беруде компьютерлік желіні, мультимедиялық құралдарды тиімді пайдалану, әлемдік ақпараттық - технологиялық кеңістіктен өз орнымызды

табу сияқты маңызды міндеттер мамандардың жаңа бағдарламаларды жасап, оны көпшілікке ұсыну жұмыстарын жүргізуге жетелеуде.

Б.Хамзинаның пікірінше, оқытудағы компьютерлік технология білім алушының тұлғасын дамытуға бағытталған оқуды белсендіреді.[1;184] В.В. Давыдов компьютерлік оқыту технологиясын: «оқытудың тиімділігін арттыру, дараландыру және саралау, оқыту үрдісінде өзара әрекеттердің жаңа қалыптарын ұйымдастыру, білім алушы мен оқытушы іс-әрекеттерінің сипаты мен мазмұнын өзгерту, оқу үрдісін басқаруды жетілдіру, оны жоспарлау, ұйымдастыру және бақылауға арналған психологиялық - педагогикалық, әдістемелік. Бағдарламалық - техникалық құралдардың кешені» – деп анықтайды [2;50].

А. Түсіпова «Бұл технология бағдарламалап оқыту идеясын дамыта отырып, қазіргі компьютерлер мен телекоммуникацияның дамуымен байланысты оқытудың жаңа, әлі толық зерттелмеген әдіс – тәсілдері» – деп тұжырымдайды. [3]

Сабакта компьютерлік технология келесі үш нұсқа түрінде жүзеге асырылуы мүмкін (бұл түрлерді Ресей ғалымы Г.К. Селевко ұсынады):

- «тереңдетілген» технология ретінде (компьютерлік оқытуды жекелеген тақырып немесе тарау бойынша қолдану);
- негізгі технология ретінде (белгілі бір модульді меңгеруге байланысты маңызды деп саналатын технологияларды қолдану);
- монотехнология ретінде (компьютерді барлық оқу үрдісінде, яғни диагностика, мониторинг жүргізуде қолдану) [4;117].

Сонымен, компьютерлік технологияны көптеген ерекшеліктерін атап өтуге болады: білім беру, оқытуды жеделдететін тиімді технологиялардың бірі; компьютер арқылы көптеген материалдарды сақтап отырып, саралап - даралап оқытуға жағдай жасайтын жаңа әдіс; оқытушы мен студент еңбектерінің өнімділігін арттыратын қуатты технология; қазіргі кезде мультимедиялық - телекоммуникациялық

мүмкіндіктері мен артықшылықтарына ие болған жаңа технология.

Егеменді мемлекетіміздің білім беру жүйесі білікті де, білімді заңгерлер дайындауда ұлы жауапкершілікті жүктейді. Болашақ заңгерлер ең алдымен сауатты сөйлей және жаза білуікерек мемлекеттік тіл мен жалпы халықтық тілде еркін сөйлеп, жаза, аударма білуді меңгерген маман ғана өз ісін жетік жүргізе білері сөзсіз. Ол үшін – студент ауызекі сөйлеу үлгілерін меңгергенде ғана, мамандықтарына сай заң тілін үйретуге көше аламыз.

Студенттер орысша заң терминдерін меңгергендерімен, олардың қазақша баламаларын, аудармаларын жете ұғына бермейді, мысалы, қазақтың әдет – ғұрып заңдарында «**қылмыс**» (преступление) сөзі қолданылмаған. Оның орнына тек қана «**жаман әдет**» (плохая привычка) «**жаман іс**» (плохое дело) сөз тіркестері қолданылған.

Қазақ тіліндегі заң терминдері қорын орыс тілінен аудару арқылы байыту студенттің болашақ мамандығы жайлы мағлұматтың кеңеюін қамтамасыз етеді және пәнге деген қызығушылығын оятады. Мысалы, жаңа Конституция бойынша әкім, мәжіліс, мәслихат деген терминдердің пайда болғанын, олар орысшаға аударылмай, орыс транскрипциясымен жазылатынына көңіл аударма отырып, келесі кезекте сөйлеу модельдерін ұсынамыз. Ол үшін алдымен терминге түсініктеме береміз; мысалы:

**Мажиліс (мәжіліс)** – парламенттің төменгі сатысы. Парламент француз сөзінен шыққан «**сөйлеу**» деген мағынаны білдіретін халықаралық термин екенін ескертіп кету қажет. Сөйлеу үлгілері:

- Парламент неше палатан тұрады? (2)
  - Екі палатадан
  - Парламенттің төменгі палатасы қалай аталады?
  - Мәжіліс
- «**Мәжіліс**» сөзінің тура мағынадағы аудармасы **заседание** екендігін еске сала кету керек.

«Әділет» термині орысшаға «*справедливость*» болып аударылғанмен, заң терминдерінде «*юстиция*» болып атала-

тындығын, себебі «юстиция» деген латын сөзінен енген, орысша «справедливость» деген мағынаны білдіретін халықаралық термин екендігін еске сала отырып, Әділет Министрлігі – *Министерство юстиции* болып қолданылатындығын ұғындырамыз. Мысалы: *Қазақ мемлекеттік заң университеті кімге бағынады?* (Әділет министрлігіне)

Әділет Министрі (Министр Юстиции) кім?

Конституция неше баптан тұрады? Мұндағы «бап» сөзі «статья» сөзінің балама аудармасы екендігін еске салып кету керек.

Осындай жұмыстың нәтижесінде студенттер бірте - бірте заң терминдерін сөздік қорларына енгізіп отырады сөзсіз.

2 – курста Сот, Прокуратура, Заң кеңесшісі, Тергеуші, Қорғаушы сияқты лексикалық тақырыптарды өткенде. «Сот сабағын» мультимедианы қолданып өткізуге болады. Жаңа сөздерді слайд арқылы беруге болады.

*Законодательный* – заң шығарушы

*Исполнительный* – атқарушы

*Глава государства* – мемлекет басшысы

*Верховный суд* – Жоғарғы сот

*Гражданское дело* – азаматтық іс

*Судебное следствие* – сот тергеуі

*Судебно-медицинская экспертиза* – сот - медицина сараптамасы

*Суд* – сот

*Субъект преступления* – қылмыстың субъектісі

Студенттер көру, есту арқылы заң терминдерін естерінде жақсы сақтайды. Осы сөздермен қарапайым сөз тіркестерін, сөйлемдер құрау арқылы заң терминдерін меңгере алады.

Слайд арқылы дайын сөйлемдерді беруге болады.

Әкімшілік соттың қарауына жіберу.

Сот мәжілісіне куәгер қатысқан жоқ.

Соттың шешімін жергілікті атқарушы орган орындамай отыр.

Сотқа сараптама тағайындау туралы хаттама толтырылды.

Заң терминдерінің екі тілдегі қолданылуын меңгеруге бағытталған жұмыс жүргізіледі.

Төмендегі сөздердің орысша тізбегін беріп, келесі тілдегі аудармасын талап ету-

ге болады. Мысалы: слайд арқылы компьютерден өздеріне тексеруге болады.

*Законодательная власть* – заң шығарушы билік

*Судебная власть* – сот билігі

*Адвокат* – қорғаушы

*Арбитр* – төреші

*Личность* – тұлға

*Свидетель* – куәгер

*Обыск* – тінту

*Надзор* – қадағалау

*Протест* – наразылық

*Кража* – ұрлық

*Допрос* – жауап алу.

Қорыта келгенде, Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев өзінің «Тарих толқынында» деген еңбегінде былай дейді: «қазақтың ұлттық тұтастануы үшін табан тірейтін негізгі тұғыр – мемлекеттік тіл ретінде қазақ тілін дамыту...». Болашақ ұрпақ үшін білім беру мен тәрбиелеудегі тиімді ізденістер қатарына жататын технологиялардың бірі – компьютерлік технология. Білім беру барысында заманауи технологияның үздік үлгілерін қолдана білу студенттің пәнге деген қызығушылығын тудырып, белсенділігін арттырады.

## ӘДЕБИЕТ

1. Хамзина Б. О сущности и содержании компьютерных технологий обучения// Высшая школа Казахстана, 2004. № 4.
2. Давыдов В.В., Рубцов В.В., Тенденция информатизации советского образования // Советская педагогика. 1990.№5.
3. Түсіпова А. Компьютер – оқытудың жаңа ақпараттық технологиясы// Қазақстан мектебі. – 2004 №3.
4. Селевко К. Современные образовательные технологии. М., 1998.

## Резюме

*В настоящей статье автор рассматривает вопросы использования в учебном процессе информационной технологии для активизации учебной деятельности студентов и развития интереса к изучению государственного языка.*

## Conclusion

*The author of this article studies the questions of using of information technologies for speeding up students' educational activity and for rising interest to studying the state language.*